

«БЕКІТЕМІН»



**«Балалар әділ қоғам үшін»
қалалық плакаттар байқауы
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1.1 Ереже қалалық «Балалар – әділ қоғам үшін» атты плакаттар байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізу мақсатында әзірленді. Байқаудың қорытындылары Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай шығарылады. Ереже байқаудың мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастыру және өткізу мерзімдерін, қатысушыларын, бағалау критерийлерін және жеңімпаздарды марапаттау тәртібін айқындайды.

1.2. Байқауды өткізуді тікелей ұйымдастыруды Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы жүзеге асырады.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

2.1 **Мақсаты:** сыбайлас жемқорлық мәселесіне назар аудару, азаматтық сана-сезімді және жастардың шығармашылық әлеуетін дамыту.

2.2 **Міндеттері:** өскелең ұрпаққа адамгершілік тәрбие беру; шығармашылық қабілеттерін, танымдық дағдыларын және өзін-өзі тануын, белгілі бір іске деген эстетикалық көзқарасын дамыту.

3. Өткізу мерзімі және қазылар алқасы

3.1 Байқау бір кезеңде өткізіледі. Байқау жарияланған күннен бастап 5 желтоқсанға дейін қатысушылардың жұмыстарын қабылдау жүргізіледі. 8 желтоқсанда кітапханада байқау жұмыстарының көрмесі ұйымдастырылып, онда қазылар алқасы жұмыстарды бағалап, қорытынды шығарады. 9 желтоқсанда, Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай, жеңімпаздарды (I–III орын иегерлерін) салтанатты түрде марапаттау рәсімі өтеді.

3.2 Қазылар алқасының құрамына: Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің өкілі, Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейінің маманы, сондай-ақ №1 өнер мектебінің мұғалімдері кіреді.

3.3 Қазылар алқасы Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздарды анықтап, дипломдармен және ақшалай сыйақымен марапаттайтын болады.

4. Байқауды өткізу тәртібі

4.1 Байқауға 14-15 жастағы балалар қатысады.

4.2 Байқауға жеке жұмыстар қабылданады.

4.3 Байқау жұмыстары қатысушыларға қайтарылмайды.

4.4 Байқауға өтінімдер мен жұмыстар Бұқар жырау даңғылы, 30 мекенжайы бойынша 2025 жылғы 5 желтоқсан сағат 15:00-ге дейін қабылданады. Электрондық форматта жіберілген жұмыстар қабылданбайды.

5. Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар

5.1 Плакат А3 форматындағы парақ түрінде орындалуы тиіс. Жұмыс қолмен орындалуы тиіс (жұмыс бетінің жалпы көлемінің 20% - дан астам ауданы полиграфиялық баспа құралдарын қолдануға тыйым салынады). Плакат нысанын, материалдарды пайдалану мен ресімдеу техникаларын, сондай-ақ мазмұнын (байқау идеясын білдіру тәсілін) әрбір қатысушы жеке анықтайды.

5.2 Әрбір жұмыста байқау қатысушысының тегі мен аты, жұмыстың, мектептің, сыныптың атаулары көрсетілген зат таңбасы бекітілуі тиіс. Постер жасау кезінде жұмыстар тігінен бекітілетін стендтердің көмегімен көрсетілетінін ескеру қажет.

6. Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері

6.1 Техникалық талаптарға сәйкес болу

6.2 Берілген жұмыс тақырыпқа сәйкес болу

6.3 Тақырыпты ашу тәсілінің өзіндік ерекшелігі.

6.4 Көрерменге әсер етудің эстетикалық және идеялық күші.

7. Қорытынды шығару және марапаттау

7.1 Байқаудың қорытындылары мен жеңімпаздарды анықтау 2025 жылғы 8 желтоқсанда қазылар алқасымен жүзеге асырылады.

7.2 Байқау жеңімпаздарын салтанатты түрде марапаттау 2025 жылғы 9 желтоқсанда өткізіледі.

7.3 Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталады.

7.4 Барлық қатысушыларға сертификаттар, ал жеңімпаз балалардың жетекшілеріне алғыс хаттар табыс етіледі.

7.5 Жүлде қорын төлеу үшін қаржылай қолдау көрсететін демеушілер тартылады.

7.6 Байқау қорытындылары туралы ақпарат Instagram, Facebook және ВКонтакте әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшаларда жарияланады.

Байқауды ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады: 8 (7212) 41-23-26, ұялы телефоны-87016674998 (Марина Николаевна).

**«Балалар әділ қоғам үшін»
қалалық плакаттар байқауына қатысуға
ӨТІНІМ**

Байқауға қатысушының аты-жөні _____
Білім беру мекемесі, сынып _____
Байланыс ақпараты (телефон) _____
Байқау жұмысының атауы _____
